Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркология ғылыми-зерттеу институты

# «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КІТАБИ АҚЫНДАР ДӘСТҮРІ»



атты Майлықожа Сұлтанқожаұлының
175 жылдық мерейтойына арналған
Халықаралық ғылыми-теориялық
конференция жинағы

26-27 қараша 2009 жыл
Түркістан қаласы

| | | |
|---|---|---|
| | әдіс-тәсілдері | 230 |
| ...dıoğlu A. | Kadı Abdülcebbar'ın felsefi örüşlerinin değerlendirilmesi | 236 |
| ...ар Г. | Майлықожа термелеріндегі ислам діні нормаларының насихатталуы | 243 |
| ...рбайұлы С. | Әуелі Алла жаратқан... (Жаратылыс заңының ақын-жыраулар поэзиясындағы көрінісі) | 247 |
| ...дірәсілқызы А. | «Диуани хикметтегі» көркемдік-бейнелеу құралдары | 256 |
| ...раева Г.Т. | XIX ғасырдағы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениеті | 265 |
| ...діғаппар А. | Майлықожа поэзиясы тілінің лексикалық құрамы | 272 |
| ...рабеков. Б. | Қаратау атырабының қос дүлдүлі | 276 |
| ...еубекова Б. | Қазақ романдарындағы көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі | 281 |
| ...йлыбаева Ш. | Қисса жанрының қазақ әдебиетіндегі дамуы: Қоңыратбаев зерттеулерінде | 287 |
| ...анқұлова Н. | Көпен Әмір-Бек мысалдарындағы күлкі сипаты | 289 |
| ...ұстафа А. | Мәмлүк қыпшақтары ауызекі тіліндегі жай сөйлем үлгілері | 295 |
| ...ырзабеков М. | Түркі сопылығының көрнекті өкілі - Қажы Бекташ ілімінде кемелденудің төрт деңгейі | 300 |
| ...йінтаева Қ.Е. | Жиембай жырау мен Майлықожа термелеріндегі моральдық ұстанымдар | 306 |
| ...дайбергенова Г. | Кітаби ақындар шығармашылығы және Күдері ақынның әдеби мұрасы | 309 |
| ...ауенов Д. | Әбу Хамид әл-Ғазали дүниетанымында илхам және ладунни ілім (илм-и ладуни) мәселелері | 312 |
| ...леген М. | Майлықожа толғауларындағы Алла сипаттары | 317 |
| ...мбетов Ж. | Майлықожа шығармаларындағы орыс отаршылдығы және еркіндік мәселесі | 322 |
| ...ырзабаев С. | Майлықожа шығармаларындағы адам мәселесі | 327 |
| ...паева Н. | Шәді Жәңгіровтың «Назым сияр шариф» дастанындағы діни ұғымдар | 333 |
| ...иева П.М. | "Қыз жібек" дастанындағы диалогтың атқаратын қызметі | 338 |
| ...ұстафаева К. | М.Дүйсенов - қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші | 343 |
| Муминова З. | Қолжазбаны оқу кезіндегі кездесетін проблемалар және оны шешу жолдары | 347 |
| Бердімұратова Р. | Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындаудың педагогикалық шарттары | 351 |
| Абдиллаев А. | Формирование готовности студентов к управленческой деятельности преподавателя физического воспитания вуза | 354 |
| Оразов Ш.Б. | Педагогические отношения в теории и практике физического воспитания студентов | 357 |
| Керімбаева М. | Шәді Жәңгірұлының «Назым Сияр Шәриф» еңбегіндегі пайғамбар тұлғасы | 361 |
| Назбекова С. | Шәді Жәңгірұлы шығармаларындағы дін мен ұлт мәселесі | 365 |
| Адиева Л. | Майлықожа шығармаларындағы сопылық дүниетаным мәселесі | 371 |

meni ve mezhebi açıdan muarızlarına cevaplar vermektedir. Prof. İsmail Cerrahoğlu, Tenzihu'l Kur'an'ın mukaddime bölümünü Tefsir Usulü kitabında neşretmiştir. Ayrıca İ. Cerrahoğlu'nun İslâm İlimleri Enstitüsü Dergisi'nde Kadı Abdülcebbar ve tefsiri hakkında oldukça kıymetli bir makalesi vardır.

6-El-Muhit bi't Teklif: Kadı Abdülcebbar'ın 100 ciltlik başka bir tefsiridir. Bu tefsirin Buveyhi vezirinin yaktırdığı Hazanatu Dari'l-Halife adlı kütüphanede bulunan Eş'ari'nin el-Hazin veya el-Muhtezen adlı tefsirinden alındığı iddia edilse de İ. Cerrahoğlu bunun doğru olmadığının Dr. Adnan Muhammed Zarzur tarafından ispatlandığını. Cubbarın bu tefsirdeki kaynaklarının daha çok Cubbai'nin eserleri olduğunu söylemektedir.

7-Muteşabihatu'l Kur'an: Cebbar bu eserinde de Kur'an'ın müteşabih ayetlerini ele alarak özellikle bu ayetleri tecsimci bir tarzda yorumlayan Mucessime ve Müşebbihe gibi akımların görüşlerini red ve tenkit eder. Dr. Adnan Muhammed Zarzur'un bu tefsir üzerine tahkikli çalışmaları vardır.

8-Diğer eserleri: El-Emali fi'l-Hadis, Tesbitu Delailu'n-Nubuvve ve Seyyidina Muhammed, Risale fil'l İlmi'l Kimya, el Hilaf beyneş-Şeyheyn [5].

Kadi Abdülcebbar'ın yenilikçi İslâmi düşüncenin gelişiminde en önemli katkıları; 1- Kendi zamanına kadar gelen düşünceleri bir sistem bütünlümü içinde teorize etme yeteneğini göstermiş olması, 2- Bu düşüncelerin çoğunun onun kitapları sayesinde sonraki nesillere aktarılmış olmasıdır. Ayrıca Kadı Abdülcebbar, önceleri Eş'ari iken sonraları Mu'tezile'ye geçmiş, fıkıhta ise Safi içtihatlarına meyletmiştir. Daha sonra gelen Zemahşeri ise, kelamda Mu'tezili, fıkıhta Hanefi meşrep bir yol tutturmuştur. Keza Şerif el-Murtaza da Mu'tezili olmakla beraber şia'ya meyletmiştir. Bunlar da gösteriyorki bu yüzyıllarda Mu'tezile Ekolü, Kadı Abdülcabbar'la birlikte diğer meşhur Sünni ve Şii mezheplerin içine sızmakta, onlarla buluşum noktaları aramaktadır. Sanıldığının aksine Mu'tezile diğer büyük İslâm mezheplerinden giderek ayrılıp kopmamış, Kadı Abdülcebbar, Şerif- el Murteza ve Zemahşeri ile birlikte onlara yakınlaşmış, daha orta yolcu sentezler üretmeye çalışmıştır. Kadı'nın talebeleri Ebu'l Hüseyin el-Basri ve İbni Mattaveyh'te bu eğilim daha da belirgindir. Hatta denilebilir ki Mu'tezile ekolü özellikle Moğol istilasından sonra her ne kadar isim olarak yaşamasa da fikirleri ve etkileri diğer akılcı akımların dimağında hep devam etmiştir. Nitekim Osmanlı'nın son Şeyhülislâmı Mustafa Sabri Efendi, Maturidiliği esasında gizli Mu'tezile olmakla itham ederek terketmiştir.

## KAYNAKLAR


1. İsmail Cerrahoğlu; **Tefsir Tarihi.** I, 300-3001, **Kadı Abdülcebbar ve tefsiri.** islâm ilimleri Enstitüsü Dergisi, V. 55-56.
2. Kadı Abdülcebbar; **Tenzihu'l Kur'an; Mukaddime, s.** 3-4.
3. Kadı Abdülcebbar; Şerhu'l-Usulü'l-Hamse. 2, 48. 132, 124-236.
4. Kadı Abdülcebbar, **Müteşabih'il-Kur'an**: I,38,96-97, ayrıca bkz: Cerrahoğlu, Tefsir Tarihi, I, 305-314.
5. Cerrahoğlu; a.g.e 01, ve a.g.m., 55-56.






# МАЙЛЫҚОЖА ТЕРМЕЛЕРІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІ НОРМАЛАРЫНЫҢ НАСИХАТТАЛУЫ

Қазақ әдебиетінің тарихындағы өз алдына бөлек, мәңгі өшпес асыл мұра – жыраулар поэзиясы. Жырау поэзиясы әдебиет тарихында көркемдік негіздері жөнінен де, тарихи, діни, мәдени жөнінен де жан-жақты қарастырылып, бір жүйеге түскен сөз өнері екені даусыз. Қазақ әдебиетіндегі осы сөз өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқан ақын, жыршылардың бірі - Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Оның артында қалған баға жетпес алтындай асыл мұраларын халық өз қазынасы қатарында санап, сақтап, ауыздан-ауызға көшіріп, атадан балаға мирас ретінде қалдырып келді. Енді бұл кісінің өміріне қысқаша тоқтала кетсек.

Майлықожа 1835 жылы Сырдария өзенінің бойында, қазіргі Шымкент облысы, Отырар ауданына қарасты Қаракөл қой совхозы тұрған жерде туған. Майлықожаның әкесі Сұлтанқожа ерте дүние салады. Сүйенерешкімі қалмаған ана он төрт жасар Майлықожа мен жас Есеханды ертіп төркіні, әкесі Ысаның ауылына кетеді. Көп ұзамай ол кісінің өзі де дүние салады. Майлықожаның бұдан кейінгі өмірінің қандай болғанын мына өлең шумақтарынан байқауға болады.

Әуелде ата кетті,
Онан кейін бота кетті,
Барша істер қата кетті,
Бір алла, тағдыр өзіңнен.
Екіншіде ана кетті,
Бұзау баспақ, тана кетті,
Ту сиырым және кетті,
Бір алла тағдыр өзіңнен.
Құрыды ма, сорым, құлқынның,
Көп тарттым азарын жылқының.
Енді саған бермеспін,
Бұл байталдың құлынын.

Кедейліктен кенде болмаған Майлықожа ағайын-жұртының көмегімен Әбдірахман деген кісінің қызы Еркеайымға үйленеді. Сөйтіп, өзінің туған жері Сырдария өзенінің бойына қайта көшіп барады. Мұнда ол диханшылық кәсіппен айналысады. Сонымен қатар, өлең-жыр айтатын әдетін де тастамайды. Ауылдағы қыз-жігіттерге махаббат өлеңдері мен сәлем хаттар, қазаға ұшырағандардың отбасыларына жоқтаулар шығарып беріп жүреді. Күнкөріс қамының бұл тәсілі Майлықожаны суырып-салма ақындық қасиетке жетелейді. Уақыт өте келе, әзіл-айтыс үстінде шебер шешендігі, алғыр ақындығы арқылы атышулы үлкен абырой-атаққа ие болады. Ақынның өмірін зерттеуші Ә.Оспанұлы өзінің «Қаратау атырабының ақындары» атты еңбегінде

азады. Оның біріншісі, діншілдікті уағыздау болса, екіншісі, ... имандағы ел сөзін қоштайтын феодалдарды мадақтау. Ал үшіншісі, қазақ халқы мен орыс халқының бірге өмір сүру қажеттігін ұғынбай, орыс мемлекетінің отаршылдық саясатын ушықтырып отырған жергілікті әкімдер мен еңбекші орыс жұртына жік қоймай қарау [1]. Енді осы кәйттер ақын шағармашылығында қалай көрінгендігіне тоқталайық. Майлықожа Ислам дінінің уағыздарына имандай сенді. Оның дүниетанымы көзқарасының қалыптасуына діндар қауым ортасында өмір сүргендігі ықпал етті. Ақынның түсінігінше адамзат, жанды-жансыздың бәрін жаратушы жалғыз құдай, адам өміріндегі барлық құбылыс – туу, өлу, өсіп-өну, байлық пен кедейлік бәрі-бәрі бір ғана құдайдың құдіретіндегі іс деп түсінді. Бұл дүниедегі құбылыстардың бәрі баянсыз, сондықтан әрбір мұсылман адам бұ дүниеден гөрі ана дүниенің қамын ойлап, қайғырғаны мақұл деген пікір айтты. Ол үшін молдалар мен ғалымдардың, дін уағыздаушылардың ақыл-кеңестерін бұлжытпай орындау керек деді. Әрине, Майлықожа дінді түпкілікті уағыздаушы молда немесе сопы болған жоқ. Бірақ, қазақ халқының болашағы үшін мәдени, діни жағынан өз үлесін қосқан ақын, жыршы деп, - айтуымызға болады.

Сол замандағы әрбір адамның біліп қана қоймай, сөзсіз мойындауы тиіс болған бұл қағидалардан Майлықожаның бұқарашылдық пікірлері үнемі үстем түсіп отырды. Қазақтың халық ауыз әдебиетінің жақсы үлгілеріндегі сара дәстүрді одан әрі ілгерілету, дамыту жазба әдебиет дәстүріне жақындастыру жолымен жазылған шығармалары да мұны растай түседі [2].

Діни тақырыптағы жазылған шығармаларына барып астасатын ақын көзқарасындағы қайшылықты жақтардың екінші бір парасы – көңіл айтулар мен жоқтауларында жатыр. Жоқтаулар сондай-ақ Майлықожаның өмір, тіршілік қарекетінің мән-мәнісіне үңіліп, терең толғаныстарға түсуіне, сонымен қатар, тереңірек философиялық ой айтуына да өте үлкен септігін тигізген секілді. Мысалы: «Бүгінгі адам бір күндік бағын білді» деген шығармасында адамдардың сөзге тұрлаусыздығын, адамгершілікті малқұмарлыққа, бақ-дәрежеге айырбастап жіберетіндігін баяндайды. Осы тұста мына бір өлеңдерге назар аударсақ.

Бір базар жаны барға жалған дүние-ай,
Қор болады екен-ау өліп кісі
Жаздырмас ажал келсе құлашыңды,
Бір кетпей жан аманат тынасын ба-ай.

тағы да:

Күнінде басы көкке жеткенменен,
Адамзат болған жерің осы екен де,-

деген өлең жолдары ақындық ойдың, көзбен көріп, іштен білген көңілдің жемісі екенін бекер дей алмаймыз. Адамзат баласы қанша болып-толса да олардың басына келетін бір зауал бар, ол - өлім екенін



өлімді адам басына келген қорлық деуден тайынбады. Дегенмен ақынның сары уайымға салынып, мына өмірден торыға сөйлеуі, ана дүние қамын осы дүниеде ойлауды үгіттеуі, мұсылмандық шарттарға қайшы келмеуге шақыру жөніндегі ақыл-кеңестері көбіне осы жоқтау өлеңдерінде кездесіп жатады. Мұндағы идея, тұжырымының тақырыптан туындайтыны да түсінікті. Қазақ халқының ұлы орыс халқымен өз тағдырын берік бірлестіруі жолындағы тарихи процесті түсінуде Майлықожа халық бұқарасымен бір билікте бола алмады. Бұған ақынның «Заманның қырын бой кетті» және «Қабіріне айтар зарым бар» деген екі толғауы дәлел бола алады.

Майлықожа өзінің шағын бір өлеңінде ораза ұстау, намаз оқудың мойынға міндет, өлмектің парыз нәрсе екенін еске сала келіп, ол – намаздан бас көтермеуден басқаның байыбына бармайтын жандардан жұртқа келер пайда дей келе, «Мың рәкат намаздан артық деген кісіге істеген бір ізет-үрмет», деген пікір айтады. Адамзатты қолдан келгенінше жақсылық жасауға шақырады. Осы тұста мына бір өлең шумағына назар аударсақ.

Алымдардың уағыз кітабында,
Тағдырға жазылған іс болады-мыс.
Деп айтқан мың реттік әжіліктен,
Артық деп халыққа қылған бір әділ іс,

деген ой айтады. Майлықожаның пікірі бойынша, Мекке-Мәдинеге қажылыққа барып қайтудан гөрі, жетім-жесірге бір болса да қайырымды іс жасап, әрі істе адал болғанды артық санайды.

Сол заманда Ташкент қаласында Орал деген бір халыққа жайсыз болыс болған екен. Сол болыс құлаған шайхананың астында қалып өлген туыстарына жоқтау шығаруды Майлықожадан өтініпті. Сонда Майлықожа озбырлықпен елді қан қақсатқан жағымсыз әкімнің бар болмысын былай деп, бір ауыз өлеңмен айтқан екен:

Шәй іштің келіп дүкеннен,
Түсірді құдай бүкеннен.
Зарлатушы едің талайды,
Көрінде тұрғыр тікеннен.

Сонымен қатар, Майлықожаның ата-ана туралы да олардың қаншалықты қымбат екендігі жөніндегі өлеңдері де жетерлік. Солардың бірі - мына өлең жырлары:

Зират қылсаң ескеріп,
Кем емес қағба-меккеннен!
Қадірін оның білмесең,
Қызметін қылып жүрмесең,
Арамы –залым туғаның,
Ұрғаны құдай желкеннен.
Көзіңнен ұйқы тараған,

Оның қызмет істеп,
Не болар жаның аянған? –

деп ата-ана алдындағы бала қарызы ешуақытта да өтелмейтінін ескертеді [3].

Дін қызметкерлерінің болмысын «Қожа менен молдаға, «бер» дегеннен «ал» жақсы деп аз сөздің аясына сыйғызған ақын шығармаларында да діни ұғымдарды қолданудан, уағыздаудан бой тартпаған. Көбінесе оларды өзінің дәл мағынасында пайдаланса, кейде «Ұятсызда иман жоқ». «Ұрлық, өтірік, жалған ант – мұсылманға жаққан ба?» дегендей адамгершілікті ар-ожданды орнықтыру мақсатында қолданылады. Бұл замандасының ой-пікір өресін, түсінік-түйсігін ескерген әрбір көркем сөз шебері сол кезде жиі қолданған әдіс. Бұл өлең жолдарынан басқа да мұсылмандарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, адам тумағының – сүннет, өлмегінің - парыз екенін айтып, әлемдегі барлық құбылыстарды алла атынан алшақ әкетпегеннің өзінде ақынның еңбекші халық санасындағы материалистік пайымдауларды басшылыққа алып сөйлейтін кездері жиі ұшырасады. Мына бір өлең шумағына назар аударсақ:

Дүниеден өткен соң,
Екі өмір жоқ келмегі.
Алымдардың ілгергі,
«Өлмейді» деп ешкімге,
Жоқ екен жауап бергені...
Дүние екі келмейді,
Шапқанда атың қамшыла, -

дейтін шумақ, тармақтарында баяндалатын өмірдің өзгермелілігі мен өткіншілігі, жарық дүниеде жүргенде қолдан келген жақсылығынды атқарып қалу қажеттігі мұсылмандық тұрғыдағы сауапты істердің бірі деген ой айтады [4].

Артында қалдырған ақындық мұрасын жоғарыдағы талдаулардан танығанымыздай, өлеңді дәстүрлі ауыз әдебиетіміз бен жазба әдебиетіміздің үлгісінде ауызша да жазбаша да шығарған Майлықожа шығармашылығына жете мән берушілік бүгінгі күнгі халқымыздың үлкен жетістігі, биік мәртебесі деп түсінуіміз қажет.

Қайта құру кезеңінде ақын шығармаларының қатарына өктемдік пен тоқырау замандарының ағымымен бұрын жабылып тасталған көптеген құнды туындылары қосылды. Олардың қатарына дін-ислам тақырыбындағы шығармалары «Дүниеге көңілім сүйсінесін», «Он сегіз мың әлем халық», «Иманға кедей жаман-ды», «Ақиқат жолға кірсеңіз» және т.б. жатады. Кезінде әкімдер мен қазақтың би, болыстарына жақпай жазаға тартылып, елге оралған халыққа сыйлы азаматтарды дәріптей жырлаған арнау-толғауларында атап өтсек болады. Олар



Майлықожа өзінің ақындық қызметін жыршылық өнермен, халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыру ісімен де ұштастырған. Майлықожа шығармалары мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін жүйелі түрде зерттеле бастады.

Сонымен, корыта келгенде, Майлықожа қазақ әдебиетінің жандануына үлкен үлес қосқан, сонымен қатар, сол кезеңдегі ислам нормаларының дамуына өзінің күш-жігерін аямаған ұмытылмас нар тұлға деп айтсақ қателеспейтін шығармыз.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1. Қаратау атырабының ақындары. Ә.Оспанұлы., Алматы 1983. «Ғылым» 26-27 беттер
2. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. Алматы, «Қазақ университеті». 2001. 347-348- беттер
3. Ысмайылов Е. Сын мен шығарма. Алматы, 1960. 28-29 беттер
4. Қаратау шайырлары. Ә.Оспанұлы. Алматы. «Қазақ универститеті» 1991. 35-41- беттер
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы. 1959. 40-41-беттер.



**С.ДӘРІБАЙҰЛЫ**
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*
*Әл-Фараби атындағы ҚҰУ / Алматы*


## ӘУЕЛІ АЛЛА ЖАРАТҚАН...

(Жаратылыс заңының ақын-жыраулар поэзиясындағы көрінісі)

**Жаратылыстың тылсым сыры бір Аллаға ғана аян. Адам баласы оны өзіне берілген шектеулі түйсікпен ғана тани алады. Бәрзаһ әлеміне дейін белгілісі Адамзат үшін тура жол Құранда ғана баяндалғаны. Жаратылыстың заңдылықтары адамзат игілігі үшін нәсіп етілген, ал адам баласы ақырет күніне дейін шексіз құдіретті адаспай тануға талпынуға міндеттелгені де аян.**

**Алғашқы меккелік** Фатиха **сүресінен бастап-ақ Құран Кәрімнің негізгі баяндаулары адамзат баласына арналғаны белгілі. Жаратылыс заңының жайдан-жай емес, Алла қалауымен рухы үрленген Адам игілігі үшін болғаны Құран сүрелерінің көптеген аяттарында баяндалады. Мысалы**: *«Ол «Бол» деген күні бола кетеді»* (Әнғам сүресі, 73 аят); *«Сендер үшін жер жүзінде түрлі түсті не жаратқан болса, шын үгіт алатын қауым үшін әлбетте үлгі бар»* (Нахыл сүресі, 13 аят): *Ол сондай Алла. сендерге жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратты. Әрі көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендер үшін әр түрлі өсімдіктен ризық*